

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**К. О. Оразбаева¹, *А. Ж. Анесова², А. Д. Жомартова³,
Г. М. Кажикенова⁴, Н. Ю. Фоминых⁵**

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ.;

^{2,3,4}Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁵Плеханов атындағы Ресей экономика университеті,
Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2210-1668>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2338-0996>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4433-0485>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5329-0038>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1534-7782>

*e-mail: guldarhan-711@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Мақалада қашықтықтан оқыту үдерісінде болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын дамыту мәселелері, теориялық тұрғыда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу және қашықтықтан оқытудың педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби дағдыларын дамыту қарастырылған.

Зерттеу мақсаты – болашақ мамандардың оқу үдерісінде кәсіби дағдыларын қашықтықтан оқыту тұрғысында талдау және оны күндізгі бөлімде оқитын студенттермен салыстыру арқылы тиімділігін арттыру.

Сонымен қатар, арнайы білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған дәрістер мен семинарлар ұйымдастырылды. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып дайындалған дәрістер Zoom және Moodle платформалары арқылы оқылып, жүргізілді. Қолданылған әдістемелер керекті деректермен дәлелденген және жан-жақты талданған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, зерттеу алдында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, қашықтықтан және күндізгі бөлімде оқитын студенттердің кәсіби дағдыларының даму деңгейін анықталып,

студенттерге бағытталған сауалнамалар жүргізіліп, нәтижелері ұсынылған. Экспериментте қолданылған әдістер студенттердің кәсіби дағдыларының даму деңгейін анықтауға және студенттер қандай дағдыларды ең маңызды деп санайтындарын анықтауға көмектесті. Қашықтықтан оқытуды немесе онлайн оқытуды ұйымдастыру болашақ мамандардың кәсіби дағдыларымен бірге цифрлық құзыреттіліктерін тиімді түрде дамуына мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: қашықтықтан оқыту, болашақ маман, кәсіби дағды, бағдарлама, оқу үдерісі, зерттеу, әдістеме.

Кіріспе

Бүгінгі оқу-ағарту кеңістігіндегі мәліметтер ағынының еселенуі объективті және субъективті себептерге негізделген, сонымен қатар жоғары мектептегі білім беру бағдарламаларының трансформациялануына әкелуде, өйткені қазіргі еңбек нарығындағы жұмыс берушілер тарапынан қойылатын талаптар күн сайын күшейіп, мамандарды сапалы даярлау ісі айрықша мәнге ие болып, өзектіленіп отыр. Қалыптасқан осы жағдайлар оқытушылар қауымына жаңа міндеттер жүктеуде – дәстүрлі күндізгі оқу нысанына балама ретінде қашықтықтан оқыту форматын қолдану, бұл болашақ мамандардың тек дайын білім жиынтығын меңгеріп қана қоймай, өздерінің кәсіби шеберлігі мен ішкі қабілет-қасиеттерін де ұштауын көздейді.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. Аталған құжатта қазіргі заман талабына сай – «Онлайн-білім беру – білім алушыларға дәрістерді өздеріне қолайлы мезгілде және үйреншікті қарқында меңгеруге жол ашатын пәрменді тәсіл. Студенттер үшін онлайн-курстар, вебинарлар мен қашықтан оқытудың өзге де нұсқалары әлемнің озық мамандарынан тәлім алуға, сондай-ақ халықаралық кеңістікте өзге әріптестерімен өзара тәжірибе бөлісіп, байланыс орнатуға мүмкіндік береді» – деген тұжырым жасалған [1]. Бұл бағытта студенттердің дәрісханалық сабақтарға қатысуына және (немесе) оларға цифрлық форматта қосылуына жағдай жасау мақсатында білім беру бағдарламаларының икемділік принципі басты назарда ұсталады. Жоғары мектептегі гибриді тәсіл (синхронды және асинхронды оқу үдерістерінің үйлесімі) білім беру жүйесінің инклюзивтілігі мен жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қашықтықтан оқыту – бұл тәлімгер мен студент арасындағы өзара байланыс арнайы желілік ресурстардың сүйемелдеуімен белгілі бір арақашықтықта жүзеге асатын оқу түрі, яғни интернет мүмкіндіктерін пайдалана отырып қашықтан білім беру процесі. Қашықтықтан оқытудың үш

негізгі форматы айқындалған: онлайн (синхрондық), офлайн (асинхрондық) және бүгінде кең танылған үшінші бағыт – вебинар [2].

Қазіргі кезеңде қашықтықтан оқыту жүйесін іс жүзіне енгізу барысында біршама кедергілер байқалуда: оқу курстары мен материалдарын дайындаудың ғылыми тұрғыдан дәлелденген әдістемелерінің тапшылығы; білім берудің осы формасында студенттердің білім сапасын тексерудің нақты әрі сенімді өлшемшарттарының жоқтығы; мамандардың кәсіби даярлық деңгейінің төмендігі; білім берудің сапасы мен кәсіби құзыреттілік мәселелері [3].

Негізгі айырмашылыққа тоқталсақ - қашықтықтан оқытудың даму кезеңдерінің бастауында оқытушылар мен білім алушылар арасындағы байланыстардың басым бөлігі асинхронды сипатта болды. Ғаламтордың кең таралуымен бірге синхронды форматта жұмыс істеу мүмкіндіктері жай чаттардан бастап күрделі бейнеконференция жүйелеріне дейінгі аралықты қамтып, айтарлықтай кеңейе түсті. Сонымен қатар, материалдарды асинхронды түрде алмасу процесі толығымен дерлік цифрлық параметрлер мен заманауи байланыс арналарына көшірілді [4].

Педагогикалық тұрғыдан саралағанда, оқытушылар өздерінің дәстүрлі сабақ беру мәнерлерін онлайн ортаға бейімдеу кезінде қиындықтарға тап болды, бұл әсіресе STEM бағыттары мен тілдік пәндерді оқыту барысында айқын байқалды [5,6].

Білім берудің әртүрлі аспектілерінде қашықтықтан оқыту жүйесіндегі технологиялық тәсілдер мен инновациялық шешімдердің жүйелі интеграциялануын қарастыратын бірқатар зерттеулер бар, олар оқу үдерісінің нәтижесін арттыруда цифрлық құралдар мен стратегиялардың маңыздылығы мен тиімділігіне баса назар аударады. Мәселен, Қазақстан жағдайында цифрлық платформалар шет тілі мұғалімдерін даярлау ісінде шешуші рөл атқарып, оларды заманауи оқу технологияларын ұтымды қолдануға қажетті цифрлық шеберліктермен қаруландыруда [7].

Қашықтықтан оқыту платформаларын құру технологияларының дидактикалық мүмкіндіктері мен оны білім беру процесінде жүйелі түрде қолдану қажеттілігіне орай, заманауи компьютерлік құралдарды белсенді пайдалануға негізделген оқу-әдістемелік кешендерді, білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ жаңа үлгідегі оқулықтар мен құралдарды әзірлеуді жетілдіру талап етіледі [8]. Дегенмен, бірнеше шетелдік және отандық ғылыми ізденістер цифрлық білім берудің негізгі мазмұнын тереңірек ашуға жол ашады.

Материалдар мен әдістер

Төменде ұсынылған мақаланың алғашқы ізденіс кезеңінде жинақталған мәліметтер мен солардың негізінде тұжырымдалған айқын әдістемелік

ұсынымдар әзірленді, бұл өз кезегінде білім алушылардың қашықтықтан оқытылуы барысында кәсіби құзыреттіліктерін шыңдау процесінің нәтижелілігін нығайтуға септігін тигізеді.

Ғылыми-ізденіс шаралары Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің базасында жүзеге асырылды. Тәжірибелік жұмысқа күндізгі бөлімде білім алатын 33 студент және қашықтықтан оқу нысанындағы (онлайн) 78 білім алушы тартылды. Сәйкесінше, білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан барлығы 111 студент қамтылды. Талданған мамандықтар қатарына «педагогика және психология», «бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «аударма ісі», «мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» бағыттары кіреді. Зерттеуді жүргізу кезінде төменде көрсетілген диагностикалық құралдар пайдаланылды.

Біріншіден, Роберт Далтоннің «Questionnaire on generic skills» (Жалпы дағдыларға арналған сауалнама) әдістемесі қолданыс тапты. Екінші кезекте Н.В. Немовтің «Кәсіби қасиеттердің маңыздылық дәрежесін бағалау» сауалнамасы арқылы деректер алынды. Үшінші құрал ретінде Н.Е. Стамбулованың «Мамандардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау» әдістемесі тандап алынды.

Нәтижелер және талқылау

Пайдаланылған сауалнамалық құралдар білім алушылардың бойындағы кәсіби біліктіліктердің қалыптасу дәрежесін зерделеуге, сондай-ақ олардың өз қабілеттері мен жеке қасиеттеріне қатысты пайымдауларын нақтылауға мүмкіндік берді. Бұған қоса, аталған әдіс студенттердің көзқарасы тұрғысынан қай дағдылардың басымдыққа ие екенін айқындауға септігін тигізді.

Жүргізілген ғылыми жұмыстың негізгі міндеті ретінде ізденіс аясында құрастырылып, іс жүзінде қолданыс тапқан әдістемелердің алдағы уақытта маман болатын жастардың кәсіби шеберлігінің жетілуіне тигізген ықпалы туралы мәліметтер жинақтау айқындалды.


Бірінші кезекте Роберт Далтон тарапынан әзірленген «Questionnaire on generic skills» (Жалпы дағдыларға арналған сауалнама) әдісіне тоқталамыз. Төменде АҚШ-тың Шығыс Лансинг қаласында орналасқан Мичиган мемлекеттік университетінің жоспарлау, дизайн және құрылыс мектебінің оқытушысы жасақтаған осы сауалнаманың қорытындылары баяндалған.

Зерттеуге атсалысқандардың жалпы санынан 33 білім алушы күндізгі оқу нысанында, ал 78 адам қашықтықтан оқыту (онлайн) жүйесі бойынша білім алатындар болып табылады. Респонденттердің құрамына келетін болсақ, олардың 80 пайызын (яғни 89 студент) әйелдер қауымы құраса, қалған 20 пайызы (22 студент) ер адамдар болды.

1 Сауалнама жұмысқа орналасқанлар




1-сурет – Сауалнамаға қатысушылар екі топқа бөлінді: жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар.



2-сурет – Сауалнамаға қатысушылар арасында онлайн және күндізгі студенттердің бөлінуі.

Үшінші және төртінші суреттерде көрсетілген деректерді зерделеу барысында қашықтықтан білім алатын білім алушылардың 87 пайызының еңбекпен қамтылғанын көруге болады. Интернет арқылы оқитындардың негізгі бөлігі екінші жоғары білімге қол жеткізуді мақсат еткендерден немесе орта білім беру педагогикасы бағытындағы мамандық бойынша білімін тереңдетушілерден тұрады. Сонымен қатар күндізгі бөлімде білім нәрін сусындап жүрген жастардың 18 пайызы оқумен қатар жартылай жұмыс атқаратыны анықталды. ҚО (онлайн) мен күндізгі бөлімдегі студенттердің арасында жас ерекшеліктеріне қатысты алшақтықтар да кездеседі. Онлайн


форматтағы студенттер 17 жас пен 56 жас аралығын қамтыса, күндізгі бөлімдегілердің жасы 17 мен 19 жас арасында шоғырланған, бұл жайт олардың қазіргі атқарып жүрген қызметіне өз ықпалын тигізеді.



3-сурет – Сауалнамадағы 2-ші сұраққа жауап берген студенттердің диаграмма нәтижелерінің көрсеткіші


«Сізде төменде тізілген жалпы дағдылардың қай түрлері бар?» деген сауалға қайтарылған жауаптарды талдау барысында келесідей деректер анықталды. Ең үлкен көрсеткіш 62 пайызды құрап, «мәселелерді шешу» қабілетіне тиесілі болса, «көшбасшылық» пен «эмоционалды интеллект» қасиеттері 41 пайыздық деңгейде ең аз ұпай жинады. Егер ұсынылған диаграммаға назар аударсақ, меңгерілген дағдылардың арасалмағы бірқалыпты сызық бойымен сипатталатынын байқау қиын емес. Аталған графикалық кескінде барлық білім алушылар берген жауаптардың жиынтық нәтижесі бейнеленген.

Жүргізілген сауалнаманың қорытындыларына сүйенсек, респонденттердің 41 пайызы 5-суретте мазмұндалған 9 дағдының (топтық жұмыс, байланыс, уақытты басқару, мәселелерді шешу, шығармашылық, бейімделу, көшбасшылық, сыни ойлау, эмоционалды интеллект) барлық жиынтығын бойына сіңірген.



4-сурет – Сауалнамадағы 2-ші сұраққа жауап берген студенттердің салыстыру диаграммасы нәтижелерінің көрсеткіші.

Осы жерде білім алудың қашықтық форматын таңдаған жастардың уақытты тиімді ұйымдастыру, туындаған қиындықтарды еңсеру және креативті ойлау қабілеттері күндізгі бөлімде оқитындармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екені байқалады. Өз кезегінде, дәстүрлі форматта білім алатын студенттердің бойынан жаңа ортаға бейімделу мен ақпаратты сараптау дағдыларының басымдылығы айқын көрініс табады. Бұл құбылыс қазіргі таңдағы білім беру бағдарламаларына студенттердің икемділік таныту деңгейінің жоғарылығын (яғни, бүгінгі жас буынның заманауи өзгерістер ағымына жедел ілесіп кетуін) және олардың бойында сыни ойлау дағдыларының өте жақсы қалыптасқандығын айғақтап береді.



5-сурет – Сауалнамадағы 7-ші сұраққа жауап берген студенттердің диаграмма нәтижелерінің көрсеткіші

Сауалнама барысында студенттер 7-ші сұраққа жауап берді: «Сіз қандай жалпы дағдыларды ең маңызды деп санайсыз және неге?» Студенттердің 20 %-ы көшбасшылық дағдылардың маңызды екенін анықтады.




Сурет 6 – Сауалнама, 7-ші сұрақтың жауаптарының салыстырудағы ең маңызды дағдылар диаграммасы нәтижелерінің көрсеткіштері

Жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес, онлайн форматта және күндізгі бөлімде білім алушылар үшін көшбасшылық қасиеттердің рөлі басым екені анықталды. Қашықтықтан оқитын жастардың 87%-ының еңбекпен қамтылғандығын ескерсек, «топтық жұмыс», «байланыс», «уақытты басқару» және «бейімделу» сияқты қабілеттерді респонденттердің тиісінше 15 %, 10%, 10 % және 17 %-ы шешуші факторлар ретінде белгілеген. Көрсетілген сандық мәліметтерге сүйене отырып, қашықтықтан білім алушылардың кәсіби іс-әрекеті мен оқу үдерісінде аталған құзыреттерді меңгеруге деген бейімділігі әлдеқайда жоғары екенін байқаймыз. Сонымен қатар, дәстүрлі оқу нысанындағы студенттердің тек 9 %, 3 %, 3 % және 9 %-ы ғана осы дағдыларды өз бойынан таба білген.

Күндізгі оқу нысанында білім алатын жастар тарапынан коммуникативтік қабілеттер мен уақытты тиімді ұйымдастыру мәселесіне айтарлықтай мән берілмеген. Демек, мұндай маңызды біліктерді негізінен еңбек нарығына ерте араласқан студенттер көбірек таңдайтынына көзіміз жетіп отыр. Ал «шығармашылық», «сыни ойлау» және «эмоционалды интеллект» сияқты қасиеттерді білім алушылардың тиісінше 12 %, 15 % және 12 %-ы өзекті деп бағалаған.

Бұл бағыттағы құзыреттер күндізгі бөлімдегі студент пен оқытушының тікелей қарым-қатынасы мен бетпе-бет оқу үдерісі барысында белсенді пайдаланылады. Сәйкесінше, онлайн форматта білім алушылардың тек 6%, 8% және 1%-ы ғана аталған бағыттар бойынша бағалаудан өткен. Солардың қатарындағы «шығармашылық» қабілетіне тоқталсақ, бұл дағдының қалыптасуы әрбір тұлғаның таңдаған кәсіби бағытына тікелей тәуелді екенін және көптеген мамандықтарда оның қолданыс аясы тар екенін көруге болады. «Эмоционалды интеллект» мәселесіне келсек, қашықтықтан оқитын студенттердің тек 1 %-ы ғана оның маңыздылығын атап өткен, бұған адам бойындағы сезімдердің уақыт өте келе бәсеңдеуі мен жұмыс барысындағы қанағаттану сезімінің соңында қажуға ұласуы себеп болуы мүмкін.

Н. В. Немов тарапынан дайындалған «Кәсіби қасиеттердің маңыздылық дәрежесін бағалау» әдістемесіне негізделген сауалнаманың қорытындылары төмендегідей болып табылады. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 24 %-ын немесе 27 студентті күндізгі бөлім өкілдері құраса, қалған 76%-ы немесе 84 студент ҚО (онлайн) жүйесінде білім алатындар болып шықты. Зерттеуге тартылған контингенттің ішінде 17 % немесе 17 адам ер балалар (студенттер) санатына жатса, қалған 83 % немесе 92 адам қыз балалар (студенттер) құрамынан көрінді.




Сурет 7 – Сауалнама нәтижелерінен құрастырылған Boxplot тәрізді диаграмма студенттерден жиналған деректерді көрсетеді. Онлайн оқу көк түспен, ал күндізгі бөлім студенттері қызыл түспен көрсетілген.

1-Кесте – Зерттеу барысында алынған Boxplot диаграмманың сандық кескіні ұсынылған.

	ҚО (онлайн)	Күндізгі.
мин	132	109
макс	175	175
медиана	157	159
квартиль 0	132	109
квартиль 1	151	143,75
квартиль 2	157	159
квартиль 3	166	168,75
квартиль 4	175	175

11-суретте бейнеленген мәліметтер мен 1-кестедегі көрсеткіштерге жүргізілген талдау жұмыстары қос сауалнама нәтижесінде студенттер жинақтаған жалпы ұпайлардың деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Ұсынылған деректер негізінде 11-суреттегі boxplot диаграммасын зерделесек, күндізгі бөлімде білім алушылардың жауаптарында (қызыл түспен айқындалған) едәуір дәрежедегі шашыраңқылық байқалатынын, ал қашықтықтан оқу нысанындағы студенттердің берген жауаптары (көк түспен таңбаланған) әлдеқайда жинақы әрі біркелкі орналасқанын аңғарамыз. Бұл жағдай 1-кестеде баяндалғандай, күндізгі бөлімдегі білім алушылардың ең төменгі көрсеткіштері мен ең жоғарғы ұпайларының арасында айтарлықтай үлкен айырмашылық бар екенін растайды, ал керісінше, онлайн форматта оқитын студенттердің ең төменгі және ең жоғарғы ұпайларының арасындағы алшақтық өте аз, бұл өз кезегінде жауаптардың бірқалыпты таралғанына дәлел болады.



8-сурет. Сауалнама Vohplot диаграммасы нәтижелеріне негізделген көрсеткіш

2-Кесте – Сауалнама диаграммасының кестесі


	ҚОТ (Онлайн) %	Күндізгі %
өте жоғары	37 %	45 %
жоғары	42 %	26 %
орташа	14 %	11 %
орташадан төмен	4 %	4 %
төмен	5 %	14 %

«Мамандардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау» деп аталатын арнайы сұрақнама Н. Е. Стамбулова ұсынған әдістемелік принциптерге сүйене отырып құрастырылды.

Аталған зерттеу жұмысына жалпы саны 111 адамнан тұратын білім беру бағдарламасының білім алушылары атсалысты. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 31-і немесе 28 пайызы дәстүрлі күндізгі бөлімде білім алса, қалған 80 адам яғни 72 пайызы қашықтықтан оқыту форматын таңдағандар болып табылады. Гендерлік құрамға тоқталсақ, қатысушылардың 20 пайызын құрайтын 22 ер бала және 80 пайыздық үлеске ие 89 қыз бала студент ретінде тіркелді.

Жинақталған базалық мәліметтерді талдау барысында біз осы сауалнамаға жұмылдырылғандардың басым бөлігі, атап айтқанда 80 пайызы қыз балалар екендігіне көз жеткіздік. Мұндай көрсеткіш әйел жынысты білім алушылардың арасында онлайн оқу форматына деген сұраныстың жоғары екенін (феминизациялану үдерісін) айқын аңғартады. Қашықтықтан білім

алу барысында қыздардың оқу процесіне белсенді араласып, қойылған сауалдарға ынтамен жауап қайтаруға тырысатыны байқалды. Сонымен қатар ұл балалардың цифрлық ортада білім алу кезінде өздерін анағұрлым оқшау ұстап, тұйықталып қалатынына қатысты тұжырым жасауға негіз бар.



9-сурет – Студенттерге арналған сауалнама Boxplot диаграммасы нәтижелерін көрсеткіші. Онлайн студенттер көк түспен, ал күндізгі бөлім студенттері қызыл түспен көрсетілген.

3-Кесте – Сауалнама Boxplot диаграммасының нәтижелерінен алынған сызбасының сандық кескіні ұсынылған

	ҚОТ (Онлайн)	Күндізгі.
мин	52	45
макс	75	75
медиана	64	62
квартиль 0	52	45
квартиль 1	60	56,5
квартиль 2	64	62
квартиль 3	70	66
квартиль 4	75	75

Берілген 15-сурет пен 3-кестенің көрсеткіштеріне сүйенсек, қашықтықтан білім алушылардың орташа балл деңгейі дәстүрлі форматта

оқитын студенттермен салыстырғанда басым екені байқалады. Ұсынылған мәліметтер онлайн оқитын жастардың кәсіби құзыреттіліктерінің неғұрлым жоғары дәрежеде қалыптасқандығын айғақтайды. Сонымен қатар, максималды көрсеткіштер қарастырылып отырған екі топта да бірдей мәнге ие болып отыр. Ал ең төменгі нәтижелер негізінен күндізгі бөлімде білім алып жатқан білімгерлердің арасында тіркелгені анықталды.

Күндізгі оқу нысанындағы студенттердің ең жоғары және ең төменгі ұпайларының арасындағы айырмашылық едәуір үлкен, бұл олардың кәсіби дағдыларының біртекті емес, әртүрлі деңгейде дамығанын көрсетеді. Керісінше, онлайн форматта білім алатын студенттердің көрсеткіштері бір-біріне жақын, соның салдарынан олардың кәсіби тұрғыдан жетілуі де бірқалыпты жүретіні байқалады.



10-сурет – Анықтаушы эксперимент нәтижелерінің диаграмма көрсеткіші

4-Кесте – Анықтаушы диаграмма кестесі

	ҚО (онлайн.) %	Күндізгі %
өте жоғары.	48 %	35 %
жоғары.	45 %	39 %
орташа	5 %	19 %
орташадан төмен	1 %	3 %
төмен	1 %	3 %

Біз жүргізген зерттеудің алғашқы кезеңінде ұйымдастырылған сауалнама қорытындыларына назар аудара отырып, күндізгі бөлім мен онлайн форматта білім алатын студенттердің кәсіби біліктілік деңгейлерінің қаншалықты дамығандығына талдау жасап, нақты көрсеткіштерді белгіледік. Осы сауалнамалық жұмыстар аяқталғаннан кейін арнайы әзірленген бағдарлама бойынша дәрістік сабақтар мен семинарлық жиындар өткізілді. Қашықтықтан оқыту технологияларын негізге ала отырып даярланған бұл дәрістер Zoom мүмкіндіктері мен Moodle платформаларының көмегімен жүзеге асырылып, тыңдаушыларға ұсынылды.

Moodle жүйесі оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін білім беру платформасы болып табылады, ол ғылыми ортада виртуалды оқыту ортасы немесе оқытуды басқару жүйесі деген атаулармен де кеңінен танымал. Егер бұл атаудың мағынасына үңілсек, Moodle термині ағылшын тіліндегі Modular Object-Oriented Dynamic Learning Environment (модульдік объектіге бағытталған динамикалық оқыту ортасы) деген ұғымды білдіретін күрделі аббревиатура болып саналады [14].

5-Кесте – Тақырыптық жоспар

№	Д ә р і с тақырыптары:	Сағат саны	Мазмұны	Ж ұ м ы с формасы
1	К і р і с п е . Цифрландыру дәуіріндегі студенттер үшін кәсіби дағдылардың маңыздылығы.	2 сағ.	Тақырыпқа кіріспе «кәсіби дағдылар» және «цифрлық технологиялар» ұғымдарын нақтылаудан басталады. Осы дәрістерді өту нәтижесінде студенттер кәсіби дағдылардың маңыздылығын және оларды дамытудың әртүрлі әдістері мен стратегияларын тереңірек түсіне алады. Олар сондай-ақ цифрлық дәуірде өнімділігін арттыру және мансаптық өсу үшін алған білімдерін тиімді пайдалануға дайын болады.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.

2	К ә с і б и дағдыларды дамытудағы қашықтықтан оқытудың пайдасы.	2 сағ.	Дәрістерді өту нәтижесінде студенттер кәсіби дағдыларды дамытуда дәстүрлі оқыту әдістерінен қашықтықтан оқытудың артықшылықтары туралы хабардар болады. Сондай-ақ олар қашықтан оқытудың әртүрлі түрлерімен және осы әдістерде қолданылатын технологиялардан хабардар болады. Сонымен қатар, студенттер қашықтықтан оқыту жағдайында тиімді оқу және өзін-өзі дамыту әдістеріне үйретіледі. Олар сондай-ақ заманауи экономика мен еңбек нарығында бағдарлануға, цифрлық дәуірде қандай кәсіби дағдыларға сұраныс жоғары екенін және оларды қашықтықтан оқыту арқылы қалай дамытуға болатынын түсінуге жақсырақ дайын болады.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.
3	Қашықтықтан оқытудағы қарым-қатынас ерекшеліктері.	2 сағ.	Нәтижесінде студенттер онлайн курстарда мұғалімдермен және басқа студенттермен қалай қарым-қатынас жасау керектігін түсінеді және оқу мақсаттарына жету үшін әртүрлі коммуникациялық құралдарды пайдалануды үйренеді.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.
4	Қашықтықтан оқытуда өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі ынталандыру жолдары.	2 сағ.	Дәріс аясында студенттерге онлайн білім берудегі жұмысын тиімдірек және ыңғайлы ұйымдастыруға көмектесетін бірнеше практикалық мысалдар мен кеңестер қарастырылады.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.

5	Қашықтықтан оқытуда заманауи технологияларды қолдану.	2 сағ.	Осы дәрістерді өту нәтижесінде студенттер қашықтықтан оқытуда заманауи технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын меңгеріп, кәсіби қызметінде қажетті нәтижелерге қол жеткізе алады.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.
6	Қашықтықтан оқыту жағдайында шығармашылық п е н шығармашылық ойлауды дамыту.	2 сағ.	Осы дәрістердің нәтижесінде студенттер оқу үдерісінде және күнделікті өмірде, сондай-ақ қолданудың әртүрлі салаларында инновациялық шешімдерді іздеуде өздерінің шығармашылығы мен сыни ойлауын дамытуды үйренеді.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.
7	Қашықтықтан о қ ы т у д а а қ п а р а т т ы қ а б ы л д а у д ы жақсарту үшін әртүрлі көрнекі материалдарды пайдалану.	2 сағ.	Дәрістерді өту нәтижесінде студенттер қашықтықтан оқытуда тиімділігін арттыру, ақпаратты игеру уақытын қысқарту және мотивацияны жақсарту үшін әртүрлі көрнекі материалдарды пайдалануды үйренеді.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.
8	Қашықтықтан о қ ы т у д а ғ ы т у ы н д а й т ы н проблемалар мен қиындықтарды ш е ш у мүмкіндіктері.	2 сағ.	Осы дәрістерді өту нәтижесінде студенттер қашықтықтан оқыту үдерісінде кездесетін типтік мәселелерді шешу жолдарын үйренеді және әртүрлі стратегиялар мен әдістерді қолдана отырып, олардың оқу тиімділігін арттырады.	M o o d l e . Zoom арқылы интерактивті дәріс, слайд-презентация.

Біз жүргізген зерттеудің алғашқы кезеңінде ұйымдастырылған сауалнама қорытындыларына назар аударып, күндізгі бөлім мен онлайн форматта білім алатын студенттердің кәсіби біліктілік деңгейлерінің қаншалықты дамығандығына талдау жасап, нақты көрсеткіштерді белгіледік. Осы сауалнамалық жұмыстар аяқталғаннан кейін арнайы әзірленген

бағдарлама бойынша дәрістік сабақтар мен семинарлық жиындар өткізілді. Қашықтықтан оқыту технологияларын негізге ала отырып даярланған бұл дәрістер Zoom мүмкіндіктері мен Moodle платформаларының көмегімен жүзеге асырылып, тыңдаушыларға ұсынылды.

Moodle жүйесі оқу үдерісін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін білім беру платформасы болып табылады, ол ғылыми ортада виртуалды оқыту ортасы немесе оқытуды басқару жүйесі деген атаулармен де кеңінен танымал. Егер бұл атаудың мағынасына үңілсек, Moodle термині ағылшын тіліндегі Modular Object-Oriented Dynamic Learning Environment (модульдік объектіге бағытталған динамикалық оқыту ортасы) деген ұғымды білдіретін күрделі аббревиатура болып саналады [141].




11-сурет – Қалыптастырушы эксперимент нәтижелерінің диаграмма көрсеткіші

6-Кесте 6 Қалыптастырушы диаграмма кестесі

	ҚО (онлайн) %	Күндізгі %
өте жоғары.	62 %	55 %
жоғары.	37 %	42 %
орташа	1 %	3 %
орташадан төмен	0 %	0 %
төмен	0 %	0 %



12-сурет – Анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент диаграмма нәтижелерінің көрсеткіші. ҚО (онлайн)



13-сурет – Анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент нәтижелерінің диаграмма көрсеткіші.

Күндізгі оқу нысаны.

Жиналған мәліметтерді математикалық және статистикалық тәсілдермен негіздеп растау мақсатында біз Стьюденттің t-критерий әдісіне жүгіндік. Статистикалық гипотезаларды зерделеудің бұл жолы (статистикалық тесттер) Стьюденттің t-үлесіміне сүйенетін амалдардың жиынтық атауын білдіреді. Екі таңдаманың орташа көрсеткіштері қаншалықты деңгейлес екенін анықтау t-критерийді пайдаланудың ең жиі кездесетін бағыты болып табылады. Біз қарастырып отырған мысалда, сандық акпараттарды қалыптастыру және бір нысандар тобына жататын орташа шамалар жайлы болжамдарды тексеру

үшін жұптасқан t-критерийлері таңдалды. Мұндай жағдайларда модельдер бір-біріне тәуелді әрі өзара тығыз байланысты сипатқа ие болады. Есептеулер жүргізу барысында екі тәуелді таңдама арасындағы алшақтықтарға қатысты гипотезаны қарастыру үшін t-критерийінің эмпирикалық мәнін табатын төмендегі формула қолданысқа енеді:

мұндағы M_d көрсеткіші мәндердің орташа айырмашылығын білдірсе, s_d белгісі айырмашылықтардың стандартты ауытқуын көрсетеді, ал n таңбасы бақылаулардың жалпы санын аңғартады. Еркіндік дәрежелерінің мөлшері келесі математикалық формула негізінде айқындалады:

$$t = \frac{M_d}{s_d / \sqrt{n}},$$

Осы аталған формулаларды қолдану арқылы біз алға қойылған гипотезаның дұрыстығын дәлелдейміз. Деректерді формулаға енгізгенде 2,501584-ке тең болатын t-ның эмпирикалық мәні шығады, ал арнайы кестеден маңыздылық деңгейіне сәйкес келетін Стьюдент критерийінің t сыни мәнін анықтаймыз.

Егер кесте бойынша маңыздылық деңгейін 0,05 деп бекітіп, еркіндік дәрежелерінің санын 79-ға тең деп алсақ, онда t-критерийінің критикалық көрсеткіші 1,990 деңгейінде болатыны байқалады. T-критерийінің эмпирикалық мәні критикалық шектен жоғары болғандықтан, біз ұсынған гипотеза толықтай дәлелденеді, сонымен бірге қолданылған әдістеменің ауқымы шағын болғанына қарамастан тиісті нәтижелерге қол жеткізілді.

Қорытынды

Соңғы уақыт аралығында білім алудың қашықтықтан оқыту форматы кеңінен таралып, сұранысқа ие құрал ретінде таныла бастады. Сонымен қатар студенттердің бойындағы кәсіби біліктілік пен қабілеттерді дәл осы қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы қарқынды жетілдіру мәселесі аса маңызды болып қала береді.

Осыған байланысты қазіргі кезеңде қашықтықтан оқыту барысында студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыру мәселесі күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бір қырынан қарағанда, онлайн оқыту форматы білім алушыларға дербес іздену мен өзін-өзі тәрбиелеу бағытында мол мүмкіндіктерге жол ашады. Алайда екінші жағынан, көптеген кәсіби біліктерді тиісті деңгейде меңгеру үшін міндетті түрде практикалық жұмыстар атқарып, оқытушылармен және курстастармен тікелей офлайн байланыс орнату қажеттілігі туындайды. Тұтастай алғанда,

кәсіби дағдыларды шыңдау білім беру үдерісінің дінгегі болып саналады, сондықтан бұл міндет дәстүрлі бетпе-бет оқу мен қашықтықтан оқыту бағдарламаларының екеуіне де ортақ негізгі нысана болуы тиіс.

Мұғалімдер мен білім алушылардың арасындағы кеңістіктік алшақтыққа қарамастан, оқу процестерінің барлығы заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларға сүйене отырып жүргізілетін бұл білім беру үлгісі қашықтықтан оқыту жағдайында педагогикалық өзара әрекеттесуді жүйелі ұйымдастыруға толық негіз қалайды.

Мұнымен қоса, қашықтықтан оқыту үрдісі студенттердің кез келген кәсіби ортада жеңіске жетуіне септігін тигізетін дербестік, өзін-өзі реттеу және мансаптық өсу дағдыларын бойына сіңіруге жағдай жасайды. Оқушылар арнайы бағдарламалар мен онлайн ресурстарды пайдалану арқылы өзінің білім деңгейі мен тәжірибесіне баға беруді, нақты межелерді белгілеуді және болашақ қызметін жүйелеуді меңгеруі қажет. Жаңа технологиялық шешімдер мен цифрлық көздер оқыту әрекетінің өнімділігін арттырып, нәтижесінде студенттердің біліктілік деңгейі мен кәсіби шеберлігінің өсуіне тікелей әсер етеді.

Жоғарыда баяндалған жайттар аталған ғылыми ізденіс барысында алға қойылған мақсаттардың орындалғанын дәлелдеуге негіз болады. Дегенмен, бұл зерттеу жұмысы болашақ мамандарды күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарында даярлауға қатысты барлық қырларды толық қамтуды көздемейді. Себебі алынған нәтижелер күндізгі және қашықтықтан оқыту жағдайында кәсіби дағдыларды дамыту бағытында әлі де тереңірек зерделеу жұмыстарын жалғастыру қажеттігін айқындап берді.

Қолданылатын оқыту әдістерінің дидактикалық мүмкіндіктері толыққанды жүзеге асырылған жағдайда, зерттеудің практикалық құндылығы арта түседі, бұл өз кезегінде педагогикалық ықпалдастықты дұрыс құруға, сондай-ақ дәстүрлі әдістемелерді қашықтықтан оқыту форматына бейімдеу жолдарын тереңірек зерттеуге жол ашады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы [Электронды ресурc]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000471>

2 Distance learning technology is a form of organizing the educational process [Электронды ресурc]. – URL: <https://old.syrboyi.kz/bilim/38289-ashytytan-oytu-tehnologiyasy-ou-dersn-yymdastyrody-formasy.html>

3 **Weinstein, J., Yesin, R.** Assessment of the formation of professional competencies in the digital environment of the university: scientific publication [Text] // Computer Science and Education. – 2020. – № 6. – P. 52–60.

4 **Rakhmetov, M., Kuanbayeva, B., Saltanova, G., Zhusupkalieva, G., Abdykerimova, E.** Improving the training on creating a distance learning platform in higher education: evaluating their results [Text] // Frontiers in Education. – 2024. – № 9. – P. 1–9. <https://doi.org/10.3389/feduc.2024.1372002>

5 **Khaled, A., Malkawi, E.** Stem faculty members' perspectives and challenges towards distance learning and virtual classes during covid-19 outbreak [Text] // Turkish Online Journal of Distance Education. – 2023. № 24(1). – P. 246–261

6 **Al-Assaf, D. M. D.** Challenges of distance learning in language classes: based on the experience of distance teaching of arabic to non-native speakers in light of the coronavirus pandemic [Text]. // Journal of Language Teaching and Research. – 2024. № 12. – P. 444–451. – <https://doi.org/10.17507/jltr.1203.15>

7 **Shakiyeva, A., Zhorabekova, A., Abilkhairova, Z., Yessimgaliyeva, T., Makulbek, A.** Methodical system for formation of professional competences of a future foreign language teacher in conditions of distance learning [Text] // Frontiers in Education. 8:1186908. – 2023. <https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1186908>

8 **Kuanbayeva, B., Shazhdekeyeva, N., Zhusupkalieva, G., Mukhtarkyzy, K., Abildinova, G.** Investigating the role of augmented reality in supporting collaborative learning in science education : a case study [Text] // International Journal of Engineering Pedagogy. – 2024. № 14. – P. 149–161. <https://doi.org/10.3991/ijep.v14i1.42391>

References

1 Qazaqstan Respublikasynda zhoǵary bilimdi zhāne ğylymdy damytudyń 2023–2029 zhyldarǵa arnalǵan tūzhyrymdamasyn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ūkimetiniń 2023 zhyly 28 nauryздаǵy № 248 qaulysyna ózgerister men tolyqtyrular engizu turaly [On amendments and additions to the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan «On approval of the Concept of the Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029»] [Electronic resource]. – № 248 dated March 28. – 2023. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000471>

2 Distance learning technology is a form of organizing the educational process [Electronic resource]. – URL: <https://old.syrboyi.kz/bilim/38289-ashytytan-oytu-tehnologiyasy-ou-dersn-yymdasty Rudy-formasy.html>

3 **Weinstein, J., Yesin, R.** Assessment of the formation of professional competencies in the digital environment of the university: scientific publication [Text] // Computer Science and Education. – 2020. – № 6. – P. 52–60.

4 **Rakhmetov, M., Kuanbayeva, B., Saltanova, G., Zhusupkalieva, G., Abdykerimova, E.** Improving the training on creating a distance learning platform in higher education: evaluating their results [Text] // Frontiers in Education. – 2024. – № 9. – P. 1–9. <https://doi.org/10.3389/feduc.2024.1372002>

5 **Khaled, A., Malkawi, E.** Stem faculty members' perspectives and challenges towards distance learning and virtual classes during covid-19 outbreak [Text] // Turkish Online Journal of Distance Education. – 2023. № 24(1). – P. 246–261

6 **Al-Assaf, D. M. D.** Challenges of distance learning in language classes: based on the experience of distance teaching of arabic to non-native speakers in light of the coronavirus pandemic [Text]. // Journal of Language Teaching and Research. – 2024. № 12. – P. 444–451. <https://doi.org/10.17507/jltr.1203.15>

7 **Shakiyeva, A., Zhorabekova, A., Abilkhairnova, Z., Yessimgaliyeva, T., Makulbek, A.** Methodical system for formation of professional competences of a future foreign language teacher in conditions of distance learning [Text] // Frontiers in Education. 8:1186908. – 2023. <https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1186908>

8 **Kuanbayeva, B., Shazhdekeyeva, N., Zhusupkalieva, G., Mukhtarkyzy, K., Abildinova, G.** Investigating the role of augmented reality in supporting collaborative learning in science education: a case study [Text] // International Journal of Engineering Pedagogy. – 2024. № 14. – P. 149–161. – <https://doi.org/10.3991/ijep.v14i1.42391>

08.04.26 ж. баспаға түсті.

07.05.26 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. О. Оразбаева¹, *А. Ж. Анесова²,*

А. Д. Жомартова³, Г. М. Кажикенова⁴, Н. Ю. Фоминых⁵

¹Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау;

^{2,3,4}Торайғыров Университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁵Российский экономический университет имени Г. В. Плеханова,

Российская Федерация, г. Москва.

Поступило в редакцию 08.04.26.

Поступило с исправлениями 07.05.26.

Принято в печать 15.05.26.

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ПРОЦЕССЕ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

В статье рассматриваются вопросы развития профессиональных навыков будущих специалистов в процессе дистанционного обучения, проводится теоретический обзор работ отечественных и зарубежных ученых, а также рассматривается развитие профессиональных навыков студентов педагогических вузов в условиях дистанционного обучения.

Цель исследования – проанализировать профессиональные навыки будущих специалистов в процессе обучения в контексте дистанционного обучения и повысить их эффективность путем сравнения с навыками студентов, обучающихся на очной форме.

Кроме того, были организованы лекции и семинары, подготовленные в соответствии со специальной образовательной программой. Лекции, подготовленные с использованием технологий дистанционного обучения, проводились на платформах Zoot и Moodle. Используемые методологии с необходимыми данными доказано и всесторонне проанализировано. Результаты исследования показали, что, согласно результатам опроса, проведенного до начала исследования, определяется уровень развития профессиональных навыков студентов заочного и очного обучения, были проведены опросы среди студентов, и результаты были представлены. Методы, использованные в эксперименте, помогли определить уровень развития профессиональных навыков студентов и выявить, какие навыки студенты считают наиболее важными. Организация дистанционного или онлайн-обучения позволяет будущим специалистам эффективно развивать свои цифровые компетенции наряду с профессиональными навыками.

Ключевые слова: дистанционное обучение, будущий специалист, профессиональные навыки, образование, программа, учебный процесс, исследования, методология.

K. O. Orazbayeva¹, *A. Zh. Anessova²,
A. D. Zhomartova³, G. M. Kazhikenova⁴, N. Yu. Fominykh⁵

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau;

^{2,3,4}Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁵Russian University of Economics named after Plekhanov,
Russian Federation, Moscow.

Received 08.04.26.

Received in revised form 07.05.26.

Accepted for publication 15.05.26.

DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL SKILLS OF FUTURE SPECIALISTS IN THE PROCESS OF DISTANCE LEARNING

The article examines the development of professional skills of future specialists in the process of distance learning, provides a theoretical review of the works of domestic and foreign scientists, and also considers the development of professional skills of students of pedagogical universities in the context of distance learning.

The aim of the study is to analyze the professional skills of future specialists in the learning process in the context of distance learning and to improve their effectiveness by comparing them with the skills of full-time students.

In addition, lectures and seminars prepared in accordance with a special educational program were organized. The lectures, prepared using distance learning technologies, were conducted on the Zoom and Moodle platforms. The methodologies used, along with the necessary data, were validated and comprehensively analyzed. The results of the study showed that, according to the results of the survey conducted before the start of the study, the level of development of professional skills of part-time and full-time students was determined, surveys were conducted among students, and the results were presented. The methods used in the experiment helped determine the level of development of students' professional skills and identify which skills students consider most important. Organizing distance or online learning allows future specialists to effectively develop their digital competencies along with their professional skills.

Keywords: distance learning, future specialist, professional skills, education, program, learning process, research, methodology.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz